Түскі ас	***Ойын- жаттығу*** *:* *Ас ішер кезде,* *Сөйлемейміз, күлмейміз* *Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.* ***Сықырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"***				
Күндізгіұйқы	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау*				

	Дид ойын: «Құсқа жем беру» *Қауырсынды достарымызға дәм дайындайтын кез келді.* *Құстарға тәттілер жасау.* *Ермексаздың әр түрлі түстерінен құстарға тәттілер жасау.* *Педагог құстарға арналған тәттілерді кезең-кезеңімен дайындауды көрсетеді* *Тәрбиеші: Сонымен құстарға арналған тәттілер дайын.* *Біз құстарға тәттілерді беру үшін серуенге шығамыз. Олар біздің тәттілерден дәм татып, ұшып, басқа құстарға балабақшада қандай мейірімді балалар өсіп жатқанын айтып береді.* ***Қортынды*** ***Балаларды мадақтау.***				*Өз еркімен жұмыс.* ***4. Рефлексия*** ***-Бүгін не туралы әңгімелестік?*** ***- Ең көп есіңде не қалды?***
Серуенге дайындық	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен	***Картотека №11*** *Күнді бақылау.*	***Картотека №13*** *Аула маңындағы көліктерді бақылау.*	***Картотека №14*** *ауа- райын бақылау*	***Картотека №17*** *Күз көрінісін бақылау*	***Картотека №19*** *Жаңбырды бақылау.*
Серуеннен оралу	*Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,* *Сабынмен қол жуамыз,* *Таза болды мұнтаздай,* *Тағамға қол созамыз.* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	***Ойын- жаттығу*** *:* *Ас ішер кезде,* *Сөйлемейміз, күлмейміз* *Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.* ***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"***				
Күндізгіұйқы	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау*				

ртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	***Жаттығу кешені №6*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***Жаттығу кешені №7*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені №8*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***Жаттығу кешені №9*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*	***Жаттығу кешені №10*** *Көзімізді ашайық* *Аунап, қунап алайық ,* *Самал жел бізге желпісін,* *Ұйқымызды ашайық*
Бесінас	***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан***				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
	Қызығушылықты ояту . ***Үкіден хат келу.*** *Құрметті балалар мен күндіз ұша алмаймын, ал сендер түнде ұйқыда жатасыңдар, сондықтан хат жіберіп білімдеріңді тексергім келеді.* ***1- тапсырма:*** ***Дид ойын: «Барлығы нешеу?»*** *Тиінда неше саңырауқұлақ бар?* *1*  *Кіріпде неше саңырауқұлақ бар?*  *Сұрақ жауап: Қайсысы көп? Кірпінің саңырауқұлағымен тиіннің саңырауқұлағын қоссақ барлығы нешеу болады?* ***2-тапсырма:*** ***Қоянның қолында неше сәбіз бар?.***	***Дид ойын:*** ***«Пішіндерді ажырату»*** ***Шарты:*** *Геометриялық пішіндерді сипаттау, салыстыру, үшбұрыш пішінді, басқада пішіндердің ішінен табу керек.*  ***Дид ойын: «Алмаларды санаймыз»*** *- Алма қандай пішінге ұқсайды?* *- Тақтада қанша алма бар? Бір алма бар.* *(Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қоссақ қанша алма болады?* *- Балалар, бір алмаға және бір алма қостық. Содан неше алма шықты.*	***Логикалық тапсырмалар орындау.*** ***1.****Торғайларды санайық* *Ағашта 2 торғай қонып тұр еді,* *Ала мысықты көріп* *1 торғай ұшып кетті* *Ағашта қанша торғай қалды?* ***2 .****Мирастың өзінде 1 алма болды,* *әжесі оған базардан 1 алма сатып әперді* *Мираста қанша алма болды?* ***3.****Кірпі орманда өзіне 2 саңырауқұлақты теріп алды.* *1 саңырауқұлақты тиінге сыйлайды* *Кірпіде қанша саңырауқұлақ қалды?* ***4.****Адамда неше көз бар?(2)*	***Дид ойын: « Биік ,аласа»*** *Шарты: Қай ағаш биік , ал ағаш аласа?*  ***Дид ойын: «Заттарды түсімен топтастыр»*** *Шарты: Сызық арқылы түстерді қосу.*  ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Автомобиль мен торғайлар»*** *Мақсаты:* *Балалар жүру мен жүгіру және секіруге дағдыланады* ***Күтілетін нәтиже:*** *Балалар әр түрлі бағытта және әртүрлі секірудің түрлерін үйренеді.*	***Дид ойын: «Не артық»***  ***Суретпен жұмыс:*** *-Нені суретін көріп тұрмыз?*  *-Қоянның қолында неше шар?* *-Мысықтың қолында неше шар бар?* *-Шардың түстері қандай?* *-Шардың пішіндері қандай?* ***Логикалық есептер*** *- Дүкеннен анам 2 доп алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды? (1)* *- Қоянда неше құлақ бар?(қоянның суретін көрсету)* *- Қолда қанша саусақ бар?*

	 *Барлығы неше сәбіз?* *Дұрыс 2 сәбіз* *Балаларды мадақтау.* ***3-тапсырма: «Сиқырлы пішіндер»*** *Пішіндерден әр түрлі құрастыру жұмысын жасаңдар*				***Бәріміз біргеміз.*** *Оңға бір қадам, солға бір қадам* *Шапалақ ұрамыз.* *Алға бір қадам, артқа бір қадам* *Шапалақ ұрамыз.*
Балалармен жеке жұмыс	***М. Монтессори технологиясымен жұмыс.*** *Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу.*	***Мнемотехника әдісі*** ***Тақырыбы: Киімдер*** *Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалардың киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету.*	***АҚТ технологиясы-мен жұмыс*** *Математикалық дамытушы ойындар* *Сұрақ-жауап*	***Ойын – жаттығу*** *«Құыршықты жуындыр»* *Мақсаты:балаларға тазалық туралы үйрету.* *Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.*	***Отан туралы мақал-мәтелдер.*** *Отан — елдің анасы* *Ел - ердің анасы* *Туған жердей жерболмас,* *Туғанелдей елболмас.*
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен	***Картотека №11*** *Күнді бақылау.*	***Картотека №13*** *Аула маңындағы көліктерді бақылау.*	***Картотека №14*** *ауа- райын бақылау*	***Картотека №17*** *Күз көрінісін бақылау*	***Картотека №19*** *Жаңбырды бақылау.*
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.*	*Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*

Тәрбиеші: Қаршығаева Г.Қ.

Бекітемін: _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы


Білім беру ұйымы: №56 «Жұлдыз» бөбекжайы
Топ: №8 «Айгөлек»
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11 – 01.12.2023ж.
Апта: 5-апта

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 27.11	Сейсенбі 28.11	Сәрсенбі 29.11	Бейсенбі 30.11	Жұма 01.12
Балаларды қабылдау	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* *Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер	***Картотека №6 «Табиғат құбылыстарын ата»*** ***Мақсаты:*** *қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.*	***Картотека №9*** ***«Үй жануарлары»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға,олардың қимылын,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атауға, оларды қорғай білуге тәрбиелеу.*	***Картотека №12*** ***«Не артық?» Мақсаты:*** *Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте түрған артық затты таба білу, сипаттама беру.*	***Картотека №17*** ***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»*** ***Мақсаты:*** *суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.* *Сөздік қорын молайту.*	***Картотека №19*** ***«Қысқы тіршілік»*** ***Мақсаты:*** *қыстап қалатын құстардың жеке атауын ататып, оларды ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту.*
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертеңгіжаттығу	*Қараша айының 5- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау***				
Таңғыас	*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	*Жабырқауды білмейміз,* *Жалқаулықты сүймейміз,* *Біз талантты жас ұлан,* *Үлгі аламыз жақсыдан.*	*Армысың, шапағатты,* *Күн ана* *Армысың қайырымды,* *Аспан ана* *Армысың мейірімді,* *Жер ана* *Армысың менің достарым.*	*Бақшамызға барғанда* *Жолыққан бар жандарға.* *Ертемен ақ пейілмен,* *«Қайырлы таң» деймін мен*	*Қуанамын мен де,* *Қуанасың сен де,* *Қуанайық достарым* *Арайлап атқан күнге.*	*«Арайлап таң атты»* *Арайлап таң атты,* *Күн шуағын шашты.* *Сәлем күн, сәлем жер* *Сәлем достар* *Бәріміз бірге болайық.*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	***Дене шынықтыру*** ***Маман жоспары бойынша.*** ***Қоршаған орта***	***Музыка*** ***Маман жоспары бойынша.*** ***Қазақ тілі***	***Дене шынықтыру*** ***Маман жоспары бойынша.*** ***Сөйлеуді дамыту***	***Музыка*** ***Маман жоспары бойынша.*** ***Көркем әдебиет***	***Дене шынықтыру*** ***Маман жоспары бойынша.***

ұйымдастырылған іс-әрекет.	***Қызығушылықты ояту*** ***Дид ойын: "Гүлдерді түстеріне қарай ажырат"*** ***Шарты:*** *Тақтадағы гүлдердің сыңарын стол үстінен тауып қасына жапсыру.* *Гүлдің құрлысымен таныстыру.*  ***Дид ойын: «Гүлдерді топта»*** *Шарты: Дала гүлдерін көк қыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілеуді ұсыну.* ***Сергіту сәті****:* *Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді)* *Су құямын гүлге(қолмен су құяды)* *Гүл күткенді біледі(тербеледі)* *Бойын сылап күледі(бойын қолымен сыйпайды)* *Күнде гүлін ашады* *Жұпарын маған шашады(қолын желпейді)* ***Тәжірибелік алаң*** ***Тәжірибе №1*** ***Сумен және сусыз*** ***Мақсаты:*** *өсімдіктердің өсуі мен дамуына қажетті сыртқы орта факторларын (су, жарық, жылу) бөліп*	***Қоршаған орта*** ***Табиғат бұрышына саяхат*** ***Бөлме өсімдіктерін қарау.*** *- Біз жазда көшеде келе жатқанда, көптеген гүлдерді көреміз. Бірақ суық келді, қыс келеді, содан кейін көшеде гүлді көрмейміз. Ал адамдар қыста да, жазда да гүлдерге әрқашан сүйсінгісі келеді. Осылайша адамдар үйде, тұратын бөлмелерде гүл өсіру идеясын ойлап табады. Сондықтан олар үйдің бөлмелерінде өсірілетін мұндай өсімдіктерді «үй өсімдіктері» деп атай бастады.* *Гүлдердің түсіне, жапырақтарының пішініне назар аударылады. Герань жапырақтары бұзылып, иіс сезінуі мүмкін, содан кейін өсімдіктің осылай қорғалғанын түсіндірді.* ***Математика негіздері*** ***Дид ойын: «Горшоктегі гүл» дизайны*** *- Геометриялық фигураларды орындарына қойып, құмырадағы гүлді құрастыру* ***«Гүлдерді ретке келтір» дидактикалық жаттығуы*** *- Әр қазанға сан жазылады. Гүлдерді әр құмырада қанша гүл гүлдейтіндей етіп орналастырыңыз. «1» саны бар құмырада неше гүл гүлдейді? Бір гүл. Ал «2» және «3» сандары бар*	***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар, біз бүгін таңғажайып, сиқырлы бөлме гүлдерінің еліне – Мақтаныш еліне саяхатқа шығамыз. Біз оған жету үшін: гүлдердің өсуі үшін не қажет? Бұл сұраққа бөлме гүлдер елінің ханшайымының бізге жіберген анықтамалық карталары көмектеседі. Өзіңе бір карта алып жауап беру.* *Карточкідегі суретте не дейді, гүлдердің өсуі үшін не қажет?* *Бала: Менің суреттерімде тамшылар бар - бұл гүлдер кеуіп қалмас үшін су қажет дегенді білдіреді.* *Тәрбиеші: Дұрыс, жарайсыңдар.* *Руслан, сурет саған не дейді?* *Руслан: Суретте өсімдіктердің өсуі үшін жер қажет екендігі айтылған. Жарайсыңдар. Келесі сенің суретің не дейді?* *Суретте гүлдерге тыныс алу үшін ауа керек, ал гүл жапырақтар арқылы тыныс алады.* *Иә, дұрыс, барлық өсімдіктер жапырақтар арқылы тыныс алады. Келесі сурет: гүлдердің өсуі үшін тағы не қажет, сіздің картаңыз не ұсынады? Менің картам гүлдердің өсуі үшін күн сәулесі қажет екенін айтады. дұрыс! Ал келесі карта не дейді?*	***Қызығушылықты ояту.*** ***Ертегілер еліне саяхат.*** ***Аудио дыбыс, ертегілер әні.*** ***Сұрақ- жауап.*** *Балалар қандай ән есіптің тұрсыңдар?* *Ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келе ме?* *Көзімізді жұмып 1,2,3 деп санасақ ертегі еліне жетеміз.* *Ертегі елінің орындықтары не деген керемет, оюланған.* *С. Оспановтың* ***«Гүл туралы аңыз» ертегісін тамашалайық*** ***АКТ технологиясымен.*** *Ерте, ерте ертеде бір ауылда бидай мен гүл өседі. Адамдар гүлдерге тамсанып, бір-біріне сыйлайды. Гүлдің қош иісі ауылды алып кетеді.* *Бір күні хан бәріне жар салады. Тек қана бидай өсіріңдер, гүлдің бәрін құртыңдар деп әмір береді.* ***Сұрақтар ілмегі*** *-Хан қандай әмір берді?* *-Тек не өссін деді?* *-Неліктен бидайды таңдады?* *Адамдар гүлдердің бәрін тапталп, жұла бастайды. Осы кезде бір бала бір гүлді үйіне апарып тығып өсіреді. Оны ешкімге көрсетпейді. Ал ауыл болса көңілсіз, жұпар гүлдің иісіне жоқ, өзі де жоқ.* *Сұрақ-жауап*	***Қоршаған орта*** ***Ой қозғау*** *Мнемокесте арқылы гүлдердің өсу жолдарын таныстыру.* ***Практикалық әрекет:*** *Гүл отырғызу.*  *Гүл отырғызу үшін ең әуелі бізге ыдыс қажет. Ыдысты алып, ішіне жай даладағы топырақ емес, құнарлы топырақ саламыз, жақсы өсу үшін. Содан соң, топырақ ортасына құдықша жасап, гүл өсіндісін отырғызамыз (тамырын көрсету). Енді, осы гүлімізді табиғат бұрышына қояйық. Балаларға сұрақ: Балалар, гүл отырғызып, тек осылай қоямыз ба екен? Дұрыс,су құйып, күтіп,баптап тұру қажет екен.* ***Сергіту сәті.*** *Шаршағанда ырғалып,* *Гүлге ұқсап демалам,* *Қанатты бір қағып,* *Гүлдей болып жайқалам.* ***Ой қозғау.*** ***Күту ережелері: Әр бала көрсету.*** ***Дид ойын: «Гүлдерді***

	көрсету. **Құрал-жабдықтар:** екі бірдей өсімдік (бальзам), су. **Тәжірибе барысы:** Өсімдіктердің неліктен сусыз өмір сүре алмайтынын анықтау (өсімдік құрап қалады, жапырақтары құрайды, жапырақта су бар); бір өсімдік суарылып, екіншісі суарылмаса не болады (суармаса өсімдік кеуіп, сарғайып, жапырақтары мен сабағы икемділігін жоғалтады т.б.)? Біз бір апта ішінде суаруға байланысты өсімдіктердің күйін бақылау нәтижелерін шығарамыз. **Қорытындылаймыз** Иә, өсімдіктер сусыз өмір сүре алмайды. **Тәжірибе №2** **Көп - аз** **Мақсаты:** буланған сұйықтық мөлшерінің жапырақтардың мөлшеріне тәуелділігін ашу. **Құрал-жабдықтар:** үш өсімдік: біреуі үлкен жапырақты, екіншісі қарапайым жапырақты, үшіншісі кактусты; целлофан пакеттер, жіптер. **Тәжірибе:** Неліктен үлкен жапырақтары бар өсімдіктерді кішкентайларға қарағанда жиі суару керек? Жапырақтары әртүрлі үш өсімдікті таңдаңыз.	қазанда?  **Ой қозғау.** Ыдыс қандай геометриялық пішіндерден тұрады? Шаршыдан. Неше шаршы? Бір. Гүл қандай геометриялық пішіндерден жасалған? Шеңбер және сопақшалар. Қанша шеңбер? Бір шеңбер. Қанша сопақша? Үш сопақша. Сабақ қандай геометриялық пішіннен жасалған? Тіктөртбұрыштан. Неше тіктөртбұрыш? Бір тіктөртбұрыш. Жапырақтар қандай геометриялық пішіндерден жасалған? Үшбұрыштардан. Неше үшбұрыш? Екі үшбұрыш. ***Дидактикалық ойын «Жапырақ қай өсімдіктен?»*** - Мына жапырақтар мен өсімдіктерге қарап, әр жапырақ қай өсімдіктен түскенін анықтап көр.  ***Дид ойын:«Әдемі Кливия»*** бояулармен сурет салу	Менің карточкамда гүлдердің өсуі үшін жылу керек екендігі айтылған. Дұрыс, жарайсыңдар, олардың өсуіне жылулық та керек. Алмына суретінде не бейнеленген? Бұл суретте гүл құмыра бар - онда бөлме гүлдері өседі. Ал мына карточкіде не дейді? Менің картам гүлдердің өсуі үшін біздің сүйіспеншілігімізді қажет ететінін айтады. (карталарды жинау) Дұрыс, жарайсыңдар. Гүлдің жақсы өсуі үшін жер, су, ауа, күн сәулесі, жылу, құмыра және күтім қажет екенін сіз бен біз еске түсірдік. ***Енді Мақтаныш еліне баруға дайынбыз. Бірақ біз гүлге айналуымыз керек.*** ***Дид ойын: «Гүл құрастыр»*** Құрастырған гүлге ұқсас масканы киіп алу. Солға, оңға бұрылып, гүлге айналады. Тәрбиеші: Бір-біріміздің қолымыздан ұстайық, жолға шығамыз. Біз жолдармен жүреміз, жолдармен жүреміз. Біз бәріміз өте ақылды, сүйкімді, әдеміміз. Біз өте татумыз гүлдер еліне келеміз. Тәрбиеші: Балалар, міне біз гүлдер еліне келдік. Қараңдаршы қандай тамаша	Неге ауыл көңілсіз болды? Неліктен? Бір күні хан қатты ауырады. Көптеген дәрігерлер оны емдей алмайды. Бір күні алыс жерден бір емші келеді, ол ханға тек қана бал қосылған дәрі жеу керек, сол кезде ғана тәуір боласың диді. **Ой қозғау.** -Балды неден аламыз? -Ара балды қайдан жинайды? Балды не үшін іседі? Бір күні гүлін таптатпаған, тығып сақтаған бала ханға бал әкеп береді. Хан қатты қуанып, балаға рақметін айтып, барлық дала, барлық қала гүл өсірсін деп бұйырады. Содан бері гүл даланың да, қаланың да көркі болыпты. ***Гүлім, гүлім, гүлім, - дейді,*** ***Гүл десе ел күлімдейді.*** ***Сансыз гүлден шырын жинап,*** ***Бал аралар гүлдейді.*** ***Гүлді әрқашан ел іздейді –*** ***деп жырға қосыпты.*** ***Сұрақ:*** Хан ауруынан қалай жазылды? Ол балды қайдан тапты? Хан неліктен гүл өсіруге рұқсат берді? ***Дид ойын: «Гүлге араларды қондыр»***	***күтеміз»*** Гүлдердің жапырақтарының шаңын сулы мақтамен сүртеді. Жапырақтары ұсақ өсімдіктерді су шашатын ыдыспен бүркеп-шашып жуады. Суды жапырақтарына тигізбей топырағына құяды. ***Дид ойын: «Сынған қазан»*** - Бөлшектерді жинап, орындарына қою. Фрагменттер қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды? ***Дидактикалық ойын «Су құйғышты ал»*** - Әрбір өсімдік үшін дұрыс суару ыдысын таңдаңыз.  Қарындашпен сурет салу ***Дид ойын: «Біз суарғыштан құямыз»*** - Су құятын ыдысқа суды салу. - су құйғыштың ішіндегі бетін көк түсті қарындашпен бояу. Ал енді су құйғыштан судың қалай ағып жатқанын суарғыштың

	Эксперимент жасайық. Жапырақтарға сөмкелерді салыңыз, бекітіңіз, күн ішінде өзгерістерді қадағалаңыз; буланатын сұйықтық мөлшерін салыстырыңыз. Қорытынды жасаңыз (жапырақтар неғұрлым үлкен болса, соғұрлым олар ылғалды буландырады және жиі суару керек). **Шығармашылық бұрыш** **Дидактикалық ойын «Гүл құмыраларына арналған табақшаларды ал»** - Әр кастрюльге бірдей түсті табақшаны таңдап бояу.. **Дид ойын: «Бөлме гүлі гүлдеді» барельефті модельдеу** - Мына бөлме өсімдігінің гүлдейтін уақыты келді. Оған пластилинді және осы гүлдерді жіптен пайдаланып өзіміз гүл жасайық. Пластилиннен шарларды жайып, бөлме гүлімен суретке басып, пластилиннің үстіне гүл қойып, алақанмен басыңыз. Гүлді алып тастап, не болғанын көріңіз. Осы бөлме гүліне осылайша көбірек гүлдер жасау. **«Терезедегі гүл» қолданбасы** - Терезе алдына құмыраны, жапырақтарды, гүлді құрастырып қою.	 Кливияның ұзын жіңішке жапырақтары бар. Дәстүрден тыс әдіс арқылы жасыл бояумен щеткамен өсімдікке осындай жапырақтарды салыңыз. **Сергіту сәті** Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер. Өсе берші иірланып, Өсе берші ырғалып. **Дид ойын: «Кішкентай галымдар»** **Тәжірибе №1** **Ыстық пен суықта не болады?** **Мақсаты:** өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау. **Құрал-жабдықтар:** қысқы немесе көктемгі ағаш бұтақтары, топырақтың бір бөлігі бар тамырсабақтар, топырақтың бір бөлігімен гүлзардан гүлдер (күзде); өсімдіктердің жылуға тәуелділігінің моделі. **Эксперимент барысы:** Неліктен көшедегі бұтақтарда жапырақтар жоқ? (Сыртта суық, ағаштар «ұйықтап жатыр») Бөлмеге бұтақтарды әкелу. Бүршіктердің өзгеруін (бүршіктердің ұлғаюын, жарылуын), жапырақтардың пайда	шалғын. Гүлдер, отырыңыз. (Балалар еңкейеді) Қып-қызыл гүлдеріміз жапырақшаларын ашады (саусақтарды тегіс ашу Жел аздап дем алады, жапырақшалар тербеледі (алдында қол бұлғау) Біздің қызыл гүлдеріміз жапырақшаларын жауып тұрады.(саусақтарды қысу) Тәрбиеші: Жарайсыңдар менің гүлдерім, сендер өте әдемісіңдер. Гүлге жақындайық! Бұл гүлдің қалай аталатынын білесіз бе? **Балалар: фикус.** Фикус ағашқа ұқсайды. Оның діңі және үлкен тығыз жапырақтары бар. Және олардың түсі қандай? маған фикустың діңі қайда екенін көрсетші, жарайсың. жапырақтарды көрсет. Жақсы. Енді фикус жапырақтарын ұстаңыз, бірақ жапырақтары өте нәзік екенін ұмытпаңыз, оларға зақым келтірмеу үшін мұқият болу керек (балалар жапырақты ұстайды). Фикус жапырақтары тегіс және жылтыр. Фикустың тыныс алуы үшін жапырақтарды сүрту керек. Ал бүгін біз фикус жапырақтарын дымқыл шүберекпен сүртуді үйренеміз. Мен оң қолымдағы дымқыл шүберекті аламын,сол қолыммен фикус	**Балаларды ара және гүл тобына бөлу.** **Мүсіндеу** Гүл тобы ермексаздан гүл мүсіндеу. **Жапсыру** Ара тобы арларды қию. қиылған араны гүлге жапсыру. **Дид ойын: «Бал салынған банкі»** **Шарты:** Трафареттің көмегімен банкіні салу, губкамен ішіне балды бояу. **Дид ойын: «Гүлді алқап»** **Шарты:** Гүлді алқап құрастыру Балаларды мадақтау.	шүмегінен түту сызықтар арқылы сызу.. **Ой қозғау.** -Неліктен біз бөлмеге гүл егеміз? -Гүлдер әдемі өсу үшін не керек? -Қандай күтім жасауымыз керек? -Шаңбасқан гүл қандай болады? -Гүлдер неде өсіп тұр? -Неліктен жасыл,өз қалпын сақтап тұр? -Кімдер күтім жасайды? -Гүлдердің бізге қандай пайдасы бар? Балаларды мадақтау.

	  ***Гүл*** ***Болат Үсенбаев*** *Көркі болған үйімнің,* *Гүлді көрсем сүйіндім.* *Қызыл, аппақ гүлдерім* *Күнменен мың құбылдың.* *Балаларды мадақтау.*	*болуын, олардың өсуін байқаймыз, оларды көшедегі бұтақтармен (жапырақсыз бұтақтар) салыстырамыз,* ***Қорытынды:*** *Өсімдіктердің өмір сүруі және өсуі үшін жылу қажет.* ***Дид ойын: «Әдемі құмырадағы гүл»*** *Түрлі-түсті шеңберлерге, ермексаздан орналастыру.*  ***Дид ойын:*** ***«Біз гүл отырғыздық»*** *- Алдымен горшокты дайындау, Енді гаршокты жермен толтырамыз (клей жағып жарманы себу)* *Гүлді горшоққа жапсырамыз - гүл отырғыздық.. Енді суару керек. Суару ыдыстарын алып, қалай суаруды көрсету*  *Судан басқа, өсімдікке күн қажет. Күнді горшоктың үстіне жапсыру.Сонымен гүлдер өсті.* *Балаларды мадақтау.*	*жапырағын төменнен мұқият ұстап тұрамын және оны зақымдамау үшін оны шүберекпен сүртемін. Міне, таза жапырақ Ал енді суаруымыз керек. Мен суарғыштың ұшын кастрөлдің шетіне қойып, оны суарамын. Суды мұқият аздап құю керек.* *Олар неге сонша таза болды?* *Өйткені біз оларды жудық.Тәрбиеші: Иә, біз бүгін гүлдерді күтіп, суарып, жудық.* ***Дид ойын: «Фикус гүлі»*** ***Бұл жерде қандай гүлмен таныстық, гүл ханшайымы білсін Фикус гүлін жапсырып кетейік.*** ***Тәжірибе алаңы.*** *Біз енді кішкентай зерттеушілер болайық* ***«Өсімдіктер үшін артық жарық».*** *Үстел шамын бөлме гүліне бағыттадық. Алдымен өсімдіктің жапырақтары шамға бұрылып, оған қол созе бастады. Екі аптадан кейін біз жапырақтардың шеттері сарғайғанын байқадық. Жапырақтары түсіп қалды.* *Бір айдан кейін жапырақтардың ұштары қарайып, төменгі жапырақтары қоңырланып, солып қалды.* ***Тәжірибе мынадай қорытынды жасауға***		

			мүмкіндік берді: *артық жарықпен өсімдіктің өсуі баяулайды. Артық жарық өсімдіктерге зиянды. Кейбір өсімдіктер жарықтың көптігінен өсуі мен дамуын тоқтатады, ал басқалары аз жарықтан дамымайды.* ***Бірақ тәжірибе нәтижелері бойынша: «Егер өсімдік қажетті мөлшерде жарық алса, онда ол жақсы өсіп, дамиды» деп айта аламыз.*** *Біз бүгін жақсы жұмыс жасадық. Біздің күш-жігеріңізге алғыс ретінде, гүлдер ханшайымы бұл қорапты сыйға берді.Бірақ біз сізбен бірге тобымызға оралмайынша ол ашылмайды. Бір-біріміздің қолымыздан ұстайық. Тәрбиеші: Міне, келдік. Гүлдер, енді балаларға қайта оралыңдар.* *Солға, оңға бұрылып, балаларға айналдырыңыз. Керемет, енді қорапта не бар екенін көрейік. (Мұғалім кәмпиттің қақпағын ашады, ішінен балаларға таратады). Тәрбиеші: Ханшайым сендерге жақсы тосын сый дайындапты. Рахмет айтайық.*		
Серуенге дайындық	***Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.***				
Серуен	***Картотека №1*** *Күзгі жаңбырды бақылау.*	***Картотека №5*** *Ұшып жүрген құстарды бақылау.*	***Картотека №9*** *Аула сыпырушының еңбегін бақылау.*	***Картотека №11*** *Күнді бақылау.*	***Картотека №13*** *Аула маңындағы көліктерді бақылау.*

	Серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	*Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскіас	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау*				
Күндізгі ұйқы					
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	***Жаттығу кешені № 16*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***Жаттығу кешені № 17*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені № 18*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***Жаттығу кешені № 19*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*	***Жаттығу кешені №20*** *Көзімізді ашайық* *Аунап, қунап алайық .* *Самал жел бізге желпісін.* *Ұйқымызды ашайық*
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап таркарау және тағы басқа әрекеттер)	***Дидактикалық ойын:*** ***«Сөйлемді аяқта» ойыны*** *Шарты: мен сендерге сөйлемнің басын бастаймын, сендер аяқтайсыңыздар.* *- Құстар ұша алады, өйткені* *- Құстар қоректенеді ...* *- Көктемде қайтқан құстар ..* *- Аяздан қорықпайды ...* *- Үй құстары ...* *- Құстар қорғайды ...* *- Құстар бір–біріне ұқсайды, ...несімен?* ***Фонетикалық жаттығу:*** *Бала қарға – қарқ, қарқ (бәсең дауыспен)* *Ана қарға – қарқ, қарқ (орта дауыспен)* *Әке қарға – қарқ, қарқ (қатты дауыспен)*	***«Кубизм» әдісі*** *Кубиктер арқылы тапсырма орындау.* *1-тапсырма* *Жаңылтпашты қайталау, жаттау* *Көк тырна* *Көп тырна* *Тыраулап тек* *Көп тұрма* ***Сергіту жаттығуы*** ***«Болады-болмайды»*** ***Шарты:*** *Құстарды баптауға қатысты іс-әрекеттер айтылады.Дұрыс әрі тура мағынадағы сөйлем айтылса, қол шапалақтайды, бұрыс сөйлем айтылғанда келіспесе, аяғын топылдатады.* *Құстардытаспенатуғаболады.* *Құстардытамақтандыруғаболады .* *Құстыңұясынанжұмыртқаа*	***Ой дамыту. Суретпен жұмыс*** ***Өлең жолдарын мәнерлеп оқу, сұрақ –жауап.*** ***Қ. Мырза Әли*** *— Екі көзің не үшін керек?* *— Жақсыларды көру үшін!* *— Екі қолың не үшін керек?* *— Елге көмек беру үшін!* *— Құлақ деген не үшін керек?* *— Ақыл-кеңес тыңдау үшін!* *— Жүрек деген не үшін керек?* *— Жауларымнан қынбау үшін!* *— Тіл мен жағың не үшін керек?* *— Ақиқатты айту үшін!* *— Ал аяғың?..* *— Шетте жүрсем,* *Туған жерге қайту үшін!*	***Аралар әлемі*** ***Қызығушылықты ояту.*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Гүлдерге қонады* *Шырынын сорады* *Түр – түсі сары – ала* *Бұл не?* *Балалардың жауаптары.* ***Тосын сәт.*** *Ара ұшып келеді.* *Балалардан көмек сұрайды.* *Достарым жоқ,маған достар керек дейді.* *балалар көмектесеміз ба?* ***2-топқа бөлу.*** *1-топ дайын үлгідегі араны қиып жапсыраады.*  *2-топ.дөңгелек картоннан ара жапсырады.*	***Ормандағы түлкі*** ***Мұға шабул.*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Өзі қу,* *Жүрген жері айқай-шу.* *(Түлкі)* *Тосын сәт.* *Түлкі келеді.* *Балалармен амандасады.* *Көңілсіз.* *Орманда жалғыз қалған.Көп дос керек екенін айтады.* *Балалар түлкіге көмектесеміз бе?* ***Топқа бөлу.*** ***1-топ*** *түлкіні конус жасау арқылы жапсырады.*  ***2-топ*** *түлкіні гиометриялық*

		лып, жаруғаболады. Құстардыңүясынбұзуғаболады. Құстарғақамқорлықжасауғаболады		 **Қорытынды.** Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау. Галерия шарлау әдісі. Екі топ бі-бірінің жұмыстарына баға береді.. Ара қуанып балаларға рахмет айтып коштасады.	пішіндерден қиып жапсырады.  Көрме ұйымдастыру. Түлкі достары көп болғанына қуанып рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.
Балалармен Жеке жұмыс	***Әңгімелесу: «Иіс сезу мүшесі -мұрын»*** *-мұрын не үшін керек?Адам мұрынмен дем алып қана қоймайды, иіс те сезеді.*	***Дидактикалық ойын: «Есімдер»*** *(доппен ойын) Балалар допты бір – біріне лақтыру арқылы есімдерін айтады.*	***Дидактикалық ойын: «Пайдалы азық - түліктер»*** ***Мақсаты:*** *балаларға денсаулыққа пайдалы азық – түліктерді біле жүруге үйрету*	***Тіл ұстарту жаттығуы:*** *Баудағы кім? Ара болсаң ызыңда З-з-з,ж-ж-ж,з-з-з,ж-ж-ж Жұмыс істе тығылма, -Ара қалай дыбыстайды? (з-з-з) - Қатты / жай*	***Сюжетті-рөлдік ойындар: «Жүргізуші»*** *Мақсаты: Балалардың көңіл-күйлерін көтеріп, қиялын дамыту.*
Серуенгедайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен	***Картотека №1*** *Күзгі жаңбырды бақылау.*	***Картотека №5*** *Ұшып жүрген құстарды бақылау.*	***Картотека №9*** *Аула сыпырушының еңбегін бақылау.*	***Картотека №11*** *Күнді бақылау.*	***Картотека №13*** *Аула маңындағы көліктерді бақылау.*
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	***Ата-аналарға кеңес:*** *«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».*	***Кеңес:*** *мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.*	*Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.*	***Кеңес:*** *«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».*	*Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру*

Тәрбиеші: Қаршығаева Г.Қ.

Бекітемін_____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №56 «Жұлдыз» бөбекжайы
Топ: №8 «Айгөлек»
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 04.12 – 08.12.2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 04.12.**	**Сейсенбі 05.12**	**Сәрсенбі 06.12**	**Бейсенбі 07.12**	**Жұма 08.12**
Балаларды қабылдау	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***Картотека №6 «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты:*** *қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.*	***Картотека №9 «Үй жануарлары» Мақсаты:*** *Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға,олардың қимылын,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атауға, оларды қорғай білуге тәрбиелеу.*	***Картотека №12 «Не артық?» Мақсаты:*** *Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.*	***Картотека №17 «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты:*** *суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу. Сөздік қорын молайту.*	***Картотека №19 «Қысқы тіршілік» Мақсаты:*** *қыстап қалатын құстардың жеке атауын ататып, оларды ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту.*
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертенгі жаттығу	*Желтоқсан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау***				
Таңғы ас	*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	*Табиғат ол анамыз,* *Табиғатқа баламыз.* *Құшағында ойнаймыз,* *Шаттық әнге саламыз*	*Қуан, шаттан алақай!* *Қуанатын күн бүгін* *Күліп шықты күніміз,* *Қайырлы таң!* *Қайырлы күн!*	*Шаттанамын, күлемін,* *Бақытты боп жүрмін.* *Қатар тұрар шеңберде,* *Досым көбін білемін.*	*Қол ұстасып, дөңгеленіп,* *Тұра қалдық екеуміз.* *Өзіміз де дөңгелек* *Күнге ұқсайды екенбіз.*	*«Кел, балалар күлейік»* *Кел, балалар, күлейік,* *Күлкіменен түлейік!* *Қабақ түйген не керек,* *Көңілді боп жүрейік!*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	***Сөйлеуді дамыту Тосын сәт*** *- Сәлем балалар! Менің кім екенімді білесіңдер ме? (қыс)* *Сендер менің сықырлы*	***Музыка Маман жоспары бойынша.*** ***Қазақ тілі Таңғажайып сәт.***	***Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша*** ***Көркем әдебиет Қызығушылықты ояту.***	***Қоршаған ортамен танысу Тосын сәт. АҚТ технологиясымен жұмыс.*** *Балалар көлдің арғы бетінде*	***Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша*** ***Сөйлеуді дамыту***

	шеберханама баргыларың келе ме? Онда кеттік! **1,2,3 саяхат жолына түс.** -Сонымен біз қысқа қонаққа келдік. Айналаңа қара , аппақ әдемі!Көп қар , айнала қар үйінділері. Бірақ біз менің шеберханама жетуіміз керекпіз. Менің шеберханама жету үшін біз үлкен қар үйінділерін басып өтіп, мен сендерге дайындаған барлық тапсырмаларды орындауымыз керексіңдер. Жолда мұқият болыңыз. Ал, кеттік! Міне менің сендерге бірінші тапсырмам , (Тапсырмасы бар қар ұшқынын алып шығады) Айтыңдаршы достар, мен қандай қыспын? Қазір қай мезгіл ? **(қыс)** Қыстың келгенін қайдан білдің ? **(Себебі қар жауып жатыр, сыртта суық, аяз)** Қыстың үш ұлы бар, үш қыс айы. Сіз олардың қалай аталатынын білесіз бе ? (желтоқсан қаңтар ақпан). Қазір қай ай? (желтоқсан). Қыста не болады? Қандай табиғат құбылыстары? **(Аяз, аяз, қарлы боран, боран, қар жауады, суық).** Жел қандай? **(Күшті, жылдам, суық, екпінді, аязды).** Қыста суда не болады? **(олар мұзбен жабылған)** Тек қыста не болады? **(Қар).** Қар қандай? **(Жеңіл, жарқыраған, ақ, суық, үлпілдек, бос).** Жарайсыңдар!	Қар Ханшайымының сәлемдемесі. **Сиқырлы сандықша.** **Жұмбақ жасыру.** **Жұмбақтың шешуі арқылы** Сандықшаның ашылуы Тапсырмаларды орындау. **Ой дамыту** **1 тапсырма** **Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?»** Мнемо кестемен жұмыс Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілі. Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады? - Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады. Қыс мезгілінде қалай киінеміз? - Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз. Сөздік жұмыс жүргізу. **Сөйлеуді дамыту** **2 тапсырма.** **Дид ойын: «Кім жылдам?»** Қысқы киімдерді құрастыру. **Сергіту сәті.** **«Боран» дауыс** Балалар ненің дауысын естіп тұрсыңдар?Боранның. Боранды қимылмен көрсетеміз (қолдарын жоғары көтеріп жәй және қатты дыбыс шығарып гүілдейді.) Ал, қатты аяз болғанда не істейміз? (қолдарын	**Ой қозғау. «Қыс»** Сыртта боран зулайды, Қарды үйіріп қуалап. Әлсін - әлсін тыңдайды, Терезеден сығалап **Сұрақ –жауап.** Өлең не туралы айтылған? -Қазір қандай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады? Жұмбақтың шешуімен байланыстыру. -Несімен ұнайды? Қандай ойын түрлерін білесіңдер? **Ой дамыту.** **Мнемотехника әдісімен жұмыс.** **Мнемо кесте.**-Суреттке өз ойынан әңгіме құрау. -Сұрақтарға жауап беру. **Б.Жақып «Сырғанақ»** **-Өлең жолдарын мәнерлеп оқу.** **-Өлең мазмұнын ашу.** **-Жаттауға үйрету.** Біз тебеміз сырғанақ Таудан төмен сырғанап Бір шанада екеуміз Құламайды екенбіз..... **Қызығушылықты ояту.** **Жұмбақ жасыру.** Аспаннан ақ ұлпа борады, Даланы сейсепке орады.**(Қар)** Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады? Сөздік жұмыс жүргізу. (сейсеп, ұлпа, құбылыс) **Сурет салу**	кімді көріп тұрсыңдар? балықшы атайды. Атайға бару үшін қандай көлік таңдаймыз? -Дұрыс, кемені таңдаймыз. **Құрастыру** **Ендеше кеме құрастырып алайық.** -Балықшы атайға келу -Сәлеметсіңдер ме балалар? Балалар балықшы атайдың қолында не бар? Бұл қармақпен не істейді? -Дұрыс балалар, балық аулайды. Ал сендер де ұстап көргілерің келеді ме? -Ендеше, менің сұрақтарыма жауап берсеңдер, мен сендерге қармағымды беремін. **1- сұрақ:Табиғат нешеге бөлінеді?** **2-сұрақ. Балық табиғаттың қай бөлігіне жатады?** **Су ше?** **Сергіту сәті** Біз жүземіз оң жаққа, Біз жүземіз сол жаққа, Шоршымыз көл астында, Ыршымыз көл бетінде Тұңғиыққа батамыз, Тәтті ұйқыға жатамыз **Балықшы атай:** Балық туралы ертегі тыңдағыларың келе ме? **Көркем әдебиет** **Ертегі тыңдау.** **Бұл ертегі** **“Мұз астындағы ұйқы” деп**	**Қызығушылықты ояту.** Топқа шар ұшып келу. Шарды бір-біріне беріп көңілді сөздер айту. **Дид ойын: «Көңілді сөз»** **Ой қозғау** Сұрақ – жауап. Мнемо кестемен жұмыс. Қыс мезгілі туралы түсіндіру. -Қазір қандай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады? -Несімен ұнайды? Қандай ойын түрлерін білесіңдер? **Сергіту сәті. «Боран»** **Сергіту сәті.** Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан, Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. **Қазақ тілі** **Ой дамыту.** **Көңілді қыс.** **Ш. Мұхамеджанов.** Өлең жолдарын мәнерлеп оқу мағынасын ашу. **Көңілді қыс.** Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қар алап, Іздерінен қар ұшып. Сұрақ – жауап.

	Әрі қарай жүрейік. Сақ және мұқият болыңыз, егер қар үйінділері өте үлкен болса, аяқтарыңды жоғары көтеріп басыңдар. -Балалар, мына аппақ қарға, аздап ойнайық. Мен ойнағанды қатты жақсы көремін, әсіресе қар лақтыру, сендерге ұнай ма? **Дид ойын: «Мені жалға»** Мен сендерге бір сөзді айтып, қар кесегін лақтырамын, ал сендер оны маған қайта лақтырып , бұл сөзді басқаша атайсыңдар, мысалы: қыс - аппақ. **Аяз - аязды** **Қар - қарлы** **Мұз – сырғанақ** **шана- зулайды** **тон қалың** **Келесі тапсырма : (келесі қар ұшқынын шығарады)** **Дид ойын: «Жақсы» - «Жаман»** **тапсырмасы .** Екі командаға бөлінеміз. Сіздің ойыңызша қыс жақсы ма, жаман ба? Бірінші топ маған қыстың неге жаман екенін , ал екінші топ қыстың жақсы екенін дәлелдейді. Қажетті суреттерді таңдап, оларды өз орнына орналастыру. Жарайсыңдар! Ендеше, ары қарай қозғалатын кез келді. Бірақ қозғалмас бұрын көзімізді жұмамыз , алақаныңызды соғамыз (осы уақытта Қыс барлығына қар ұшқынын береді,). - Ой, қараңдаршы, алақандарыңда не бар ? (қар бүршіктері)	құсырып,аяқтарын топылдатады). -Ал,күн шыққанда не істейсіңдер? («алақай» деп қолдарын шапалақтайды). қайталау. **3 тапсырма. Ой қозғау** Сұрақ- жауап. Қардың артынан тапсырма орындау. -Қоян қыста қандай түске енеді? -Неліктен? Аю қыста не істейді? -Неге? Түлкі мен қасқыр не істейді? Қоян қыста ақ түске киімін ауыстырады, өйткені ол киім оны қыста жауларынан қор-ғануға көмектеседі. Қасқыр орманда, тауда тұрады, ет жегенді ұнатады. Аю ұйық-тайды, ол бал жейді. Қу түлкі, тышқан, құс аулайды. **4-тапсырма: Дид ойын: «Қыс келбеті»** **Балаларды топқа бөлу.** **1-топ: Майшам арқылы мұзды бейнелеу.** **Шарты:** Ақ қағазға майшаммен шимай бейне салу.Үстін көк су бояқпен бояу. **2-топ: Ағаштарға қар ұлпаларын жапсыру.** **3-топ: Құстарға ұя жасау.** **Жасаған жұмыстарды суретке түсіріп, Қар ханшайымына жіберу.**	***Дәстүрден тыс сурет салу әдісімен*** *щетканы пайдаланып, шашырату әдісімен сурет салу. Сурет салу техникасын түсіндіру. Ұжымдық жұмыс жасауды және дәстүрден тыс әдіспен жұмыс жасауды үйрету.* ***Балаларды қар, мұз, аяз, атауларымен топқа бөлу.*** ***1-топ*** *Шаңғының суретін құрастыру.* *Сипаттама беру* ***2-топ*** *Шананың суретін жапсыру* *Сипаттама беру.* ***3-топ*** *Аққаланы мүсіндеу.* **Қазақ тілі** ***Тақпақ*** ***Қысқы күн*** ***Жапалақтап ала қар*** ***Жауды күнде қайталап,*** ***Қырға шықты балалар,*** ***Шаңғыларын арқалап.*** ***Қортынды балаларды мадақтау.***	***аталады.*** *Қыстың алғашқы аязынан кейін көлдің бетін айнадай жылтыр мұз басты. Мұз әлі жұқа болғанымен, күн сәулесін көлегейлеп, су асты күңгірт тартты. Бұрын мұндайды көрмеген жас сазандар су астының күңгірт тартқанына абыржып қалды. Мұны байқаған кәрі сазан түсіндіріп жатыр: Жыл сайын осылай болады. Біраздан кейін мұздың үстін қар басады да, мүлде қараңғылық орнайды. Міне балалар қазір балық-тар мұз астында ұйықтап жатыр.* *Мен мына қармағымды сендерге сыйға беремін Күн жылып, мұз ерігесін осы жерге келіңдер сол кезде балық аулап көресіңдер. Балықшы атаймен қоштасу.* ***Сау болыңдар*** ***Саяхаттан қайту.*** *Топқа келу.* *Балалар ертегі ұнады ма?* ***Онда көл, балық, қармақ сөздеріне сөйлем құрайық*** ***Біз өзімізге естелік болу үшін мына заттарды жасап алайық.*** ***Дид ойын: «Сөздер тізбегі»*** *Балаларды топқа бөлу.* ***1-топ:****Көлді бояймыз.* ***2-топ:*** *Балықты көлге жапсырамыз* *3-топ: Қармақты мүсіндейміз* ***Қортынды***	*-Өлең жолдарында не туралы айтылған?* *-Қыс мезгілін қалай суреттеген?* ***Дид ойын: «Кім жылдам?»*** ***Құрастыру*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ:*** *Шана құрастыру,* ***Жапсыру*** ***2-топ:*** *Аққала жапсыру* ***Сурет салу*** ***3-Топ:****Қысқы ағаштарға мақта таяқшасымен қар салу.* ***Мүсіндеу*** ***4-топ:*** *Құстарға ермексаздан жем жасау* ***Қорытынды*** *Дид ойын: «Кім тапқыр?»* *Жұмбақ жасыру.* *Қолымен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады (Аяз)* *Көлдің беті көк әйнек, Сырғанауға тым әйбет. (Мұз)* *Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап ала отырып, үйә аяқтау*

	-Балалар, көп қар сықырлы сөздерден, қар жауа бастады қандай қар түйіршіктері екенін айта аласыңдар ма? (Әдемі, жеңіл, ақ, өрнекті, алты қырлы, сымбатты...) - Шынында да, қар түйіршіктері жеңіл. Енді тыныс алу жаттығуларын жасайық: (ерніңізді «түтікке» бүктеп, 3 қысқа дем шығарып, қар ұшқынына үрлеңіз.) Жарайсыңдар! Әрі қарай жүрейік. Біз қар үйінділерінің үстінен өтеміз. Ой , бұл кім (қар адамы) Бірақ неге екені белгісіз, өте көңілсіз. Неліктен деп ойлайсың?(Оның досы жоқ, ол жалғыз) Оған көмектесе аламыз ба? Ендеше оған көптеген достар жасап берейік. **Топқа бөлініп, 1-топ:** Қар адамның достарын мына парақтарға ретімен жапсырамыз. **2-топ:** Мына пішіндерден қар адам құрастыру. Сұрақ-жауап: Қандай пішіндерден құралған? Түсі қандай? Оның бөліктерінде тағы не бар? **Ой қозғау** - Біздің Ақшақарға кім тақпақ айтқысы келеді?(2-3 бала тақпақ айтып береді) Ой қарашы , қар адамы көңілді болып кетті, тақпақ айтқаның қатты ұнады. - Ой, балалар, қараңдаршы,	***Қортынды*** *Дид ойын: «Кім тақыр?»* *Жұмбақ жасыру.* *Қолымен қаламы жоқ,* *Бірақ сурет салады* ***(Аяз)*** *Көлдің беті көк әйнек,* *Сырғанауға тым әйбет.* ***(Мұз)*** ***Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап ала отырып, ұоқ аяқтау*** ***Хореография*** ***Маман жоспары бойынша***		*Сұрақ-жауап* *Балаларды мадақтау.* ***Музыка*** ***Маман жоспары бойынша***	

	міне, біз сендермен менің қысқы шеберханама келдік, бірақ оған кіру үшін қар туралы сиқырлы сөздер айту керек , бірақ айту оңай емес, сонымен қатар қимылдарды орындау керек. **Дене шынықтыру** Жарайсыңдар балалар! - Сендер бәрін дұрыс жасадыңдар, менің шеберханамның есігі сендерге ашық. **Кіріңіздер , құрметті қонақтар. Үстелдерге отырыңыз . Қараңдаршы, үстелдеріңде не бар?** **Парақтар.** - Біздің парақшаларымызға назар аударыңдар . Олар толығымен бос. Маған оларды қор ұшқындарымен безендіруге көмектесіңдер. (Тұз, желім балалардың алдында) -Не? Сізде және менде қылқалам жоқ (балалардың жауаптары) - Дұрыс. Желіммен және тұзбен жұмыс жасаймыз Үлгі көрсету, талдау. Балалардың дербес әрекеті. (Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог орындау, қалпын бақылайды) (Жұмыс кезінде боран музыкасы естіледі) . **ІІІ.Қорытынды бөлім** - Жарайсың! Сендер жақсы жұмыс жасадыңдар,ол үшін мен сендерді дәмді қар шарларымен сыйлаймын.Ал енді сендерге балабақшаға оралатын				

	кез келді . Міне, сендерге қар ұшқыны, ол сендерге балабақшаны табуға көмектеседі. Ол үшін «сиқырлы» сөздерді айту керек. Балалар орындарынан тұрып, сиқырлы сөздер айтады: «Қар ұшқыны бір рет айналады, қар ұшқыны екі айналады, қар ұшқыны үш айналады, балалардың балабақшаға жетуіне көмектеседі» Мін біз балабақшаға оралдық. Қортынды. *- Саяхаттан кейінгі көңіл-күйіміз қандай?* *- Қыстың шеберханасына барар жолда сізге не қиын болды?* *- Өзіңді жақсы сезінуге не себеп болды?* ***Дене шынықтыру*** ***Маман жоспары бойынша.***				
Серуенге дайындық	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен	***Картотека № 7*** ***Қыстап қалатын құстарды бақылау.***	***Картотека № 8*** ***Адамдардың қысқы еңбегі.***	***Картотека № 10*** ***Мұзды бақылау.***	***Картотека № 12*** ***Бұлтты бақылау.***	***Серуен №14*** ***Транспортты бақылау.***
	Қысқы серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	*Тазалық процедурасы.* *Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскіас	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау*				
Күндізгіұйқы	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау*				

...ңнен ұйқыдан ...ату, сауықтыру ...паралары	**№ 3** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз».* *- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.* *«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,* *- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.* *- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.* *- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.* *- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.*	**№5** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».* *2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.* *3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау*	**№6.** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.* *- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.* *- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау*	**№7** *«Күннің оянуы»* *- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.* *- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.* *- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.* *«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады*	**№10** *Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)* *Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау)* *Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау)* *Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау)* *Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)*
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***Дид ойын: Сан жаттығу:*** *Шарты: Қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды санау* ***«Деньеш блогтары»*** *Мақсаты: ұжыммен жұмыс жасауға дағдыланады.*	***Дид ойын: ойын: «Көлеңкесін тап»*** ***Ойын шарты:*** *Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады.*	***Дид ойын: ойын «Бұл қай кезде болады?»*** *Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады, атайды және сипаттайды.* ***Шарты:*** *Балалар жыл мезгілдерінің суреттерін жапсырып ерекшеліктерін айтады.*	***Дид ойын: «Артығын тап»*** *Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді.* ***Күтілетін нәтиже:*** *Суреттерді атай отырып,не артық екенін айтады.*	***Дид ойын: «Шатастырма»*** *Көктемде қар жауады. Қазір күз мезгілі? Көктемде қар еріді? Көктемнің бірінші айы-наурыз Қыста жапырақтар сарғаяды? Жылмезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз. Жаз ең суық жыл мезгілі? Күзде бәйшешектер өседі? Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Жазда балалар оқиды?*
Балалармен жеке	***«Әдемі гүл»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түстер*	***«Не жоқ?»*** *Ойынның мақсаты:*	***«Үй жануарлары»*** *Ойын мақсаты: Үй*	***«Мамандықтың бәрі жақсы»***	***Танып ал да, атын ата*** *Мақсаты: заттың түр-*

